

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер жөніндегі әкімшілік ережелері туралы" нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің нұсқауы 1995 жылғы 29 желтоқсан N 365. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1996 жылғы 12 шілде тіркелді. Тіркеу N 11. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

Мемлекеттік кіріс министрінің
2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығы

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының K010209_ Кодекcін (Салық Кодекcін) қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 шілдедегі Заңына
с ә й к е с

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

Күшін жоғалтқан жекелеген бұйрықтарының тізбесі:

11. Қаржы министрлігінің 1995 жылғы 1 шілдедегі N 43 бұйрығымен бекітілген "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер жөніндегі әкімшілік ережелері туралы" Нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтыруларды енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 365 V950080_ бұйрығы. -----

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас салық инспекциясы
"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне және Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлықтарына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Заң күші бар N 2703

U952703_

Жарлығын орындау
мақсатында жоғарыда аталған нұсқаулыққа мынадай өзгертулер мен толықтырулар енгізеді:

1. XIX тараудан кейінгі тарауларды нөмірлеу былай жалғастырылсын:
XX - Салық қызметі органдарының салықтарды өндіріп алуы.
XXI - Салықтардың төленуін қамтамасыз ету.
XXII - Салық төлеушінің мүлкіне шара белгілеу тәртібі.
XXIII - Иеленуге шектелген мүлікті өткізу.
XXIV - Салық төлеушіге тиесілі соманы өндіріп алу.
XXV - Экспорттық операцияларды тоқтата тұру.
XXVI - Төлем көзінен табыс салығын ұстап қалмағаны үшін жауапкершілік.
XXVII - Мерзім өткен салық төлемдері бойынша төленетін өсім.
XXVIII - Декларацияны мезгілінде бермегені үшін төленетін айыппұлдар.
XXIX - Салықтарды, ағымдағы төлемдер мен салық салынатын объектілерді кемітіп көрсеткені үшін төленетін айыппұлдар.
XXX - Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асырушы банктер мен ұйымдардың жауапкершілігі.
XXXI - Салық қызметінің шешімдерін қайта қарау.
XXXII - Сотқа шағыну.
2. III тараудың 2-тармағының екінші абзацы "салық төлеушінің" деген сөздерден кейін мынадай мәтінмен толықтырылсын:
"сондай-ақ қылмыстық-іс жүргізу заңдарында белгіленген жағдайларда".
3. XIV тарау мынадай редакцияда жазылсын:
"XIV. Талап қою мерзімінің ұзақтығы.

Қайта қаралған салық сомасын немесе бұдан бұрын есептелген салық сомасын төлеу туралы салық қызметі органдарының талаптарына сондай-ақ артық төленген салық сомасын қайтару немесе есептеу туралы салық төлеушілердің талаптарына талап қою мерзімінің ұзақтығы бес жыл болып белгіленеді".

4. XXI тарауда (жоғарыда келтірілген нөмірлеуге сәйкес):
1-тармақтағы "салық төлеушінің мүлкіне Министрлер Кабинеті айқындаған тәртіпте тиым салу" деген сөздер "Үкімет айқындаған тәртіпте салық төлеушінің мүлік иеленуін шектеу туралы шешім шығару" деген сөздермен ауыстырылсын.
2 және 3-тармақтардағы "тиым салынған" және "тиым салу туралы" деген сөздер тиісінше "иелену шектелген" және "иеленуді шектеу туралы" деген

сөздермен

ауыстырылсын.

5. XXII тараудың 1 және 2-тармақтарындағы "тиым салынған", "тиым салу туралы", "мүлікке тиым салу" және "тиым салу" деген сөздер тиісінше "иеленуі шектелген", "иеленуді шектеу туралы", "мүлікті иеленуді шектеу" және "иеленуді шектеу" деген сөздермен ауыстырылсын.

6. XXIII тараудың атауындағы және 1-тармағындағы "тиым салынған" және "тиым салған" деген сөздер тиісінше "иеленуі шектелген" және "иеленуге шектелген" деген сөздермен ауыстырылсын.

7. XXVIII тараудың 2-тармағында:

бірінші және екінші абзацтардағы "артық төленген салық сомасы" деген сөздерден кейін, үшінші абзацтағы "есепті кезеңде" деген сөздерден кейін, төртінші абзацтағы "(салықтар, ағымдағы төлемдер, өсімдер, айыппұлдар)" деген сөздерден кейін, бесінші абзацтағы "(соның ішінде ағымдағы төлемдер)" деген сөздерден кейін "өтелуге тиіс қосылған құнға салынатын салық сомасынан басқа" деген сөздермен толықтырылсын.

Мынадай мазмұндағы алтыншы абзацпен толықтырылсын:

"Егер салық төлеуші салық қызметі тексергенге дейін, болмаса аудиторлық қызметтің көмегімен тексеру жүргізілгенге дейін өткен салық жылында салық заңдарында олар жіберген бұрмалаушылықтарды өз бетінше байқаса, онда ол бұрмалаушылыққа жол берілген сәттен бастап қосымша салық сомасы бюджетке енгізілген сәтке дейінгі кезең үшін белгіленген мөлшердегі тиесілі салық пен өсім сомасын бюджеттің кірісіне белгіленген мерзімде енгізуге, сондай-ақ салық қызметіне жазбаша арыз жолдап, онда түзетілген бұрмалаушылықтардың сипатын баян етуге және қосымша есептелген және

бюджеттің кірісіне енгізілген салық пен өсім сомасын көрсетуге міндетті.

Салық қызметі төлемдердің бюджетке нақты келіп түсуін алдын ала тексере отырып, салық төлеушінің арызын және өзгертулер енгізілген декларацияны (есепті) қабылдап алуға міндетті".

8. XXX тараудың 1-тармағының 1) тармақшасындағы "күнгі" деген сөз алынып тасталсын.

Министрдің бірінші орынбасары -

Бас салық инспекциясының бастығы,

салық қызметінің бірінші дәрежелі

мемлекеттік кеңесшісі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК